



ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

**Еуропа Одағы Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелия Бушездің журналистерге арналған
«Мемлекеттік қызмет реформасы: сырттан көзқарас және БАҚ-та жариялау»
мемлекеттік қызмет реформасы жөніндегі семинарда сөйлеген сөзі**

Астана, 18 сәуір 2013

Құрметті төраға, ханымдар мен мырзалар, құрметті қатысушылар,

Қазіргі, тиімді және ашық мемлекеттік басқару жүйесі, жоғары білімді, өз елінің даму мақсаттарын жылжытуға қабілетті, идеяларға шынайы берілген мемлекеттік қызметшілер, осының барлығы – қазіргі қоғамның динамикалық дамуының ажыратылмайтын негізгі идеялары.

Қазақстандағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртудың ағымдағы үдерісі – реформаның аса маңызды кезеңі, ол үшін Сіздің әсерлі басқаруыңыздың арқасында Байменов мырза, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мақтауға лайық.

Мақсат қоғамның өсіп келе жатқан қажеттіліктері мен үміттеріне орай әрекет ете алатын мемлекеттік қызмет құруда. Бұған мемлекеттік қызметшілер мен муниципалды қызметкерлердің жұмысын жақсарту, мемлекеттік басқару мекемелерінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру және азаматтарға ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту арқылы қол жеткізіледі.

Еуропа Одағы – Қазақстанның ұзақ мерзімді және сенімді әріптесі. Биыл біз дипломатиялық қатынастар орнатудың 20 жылдығын атап өтеміз. Осы жылдар ішінде біз техникалық көмек көрсеттік және көптеген секторларда тығыз ынтымақтастықты дамыттық. Бірақ осы кезеңде Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінің реформасын қолдау ынтымақтастығымыздың басым салаларының бірі болды, біз оған техникалық ынтымақтастық құралдарына ЕО қаржыландыратын 10 миллион еуро бөлдік.

Біз нәтижеге бағытталған және қазіргі бірлескен басқару қағидаттарына негізделген, тиімді, ашық жұмыс істейтін және қоғам алдында есеп беретін мемлекеттік басқару жүйесінің дамуын және оны енгізуді қолдаймыз.

Еуропалық тәжірибені негізге ала отырып, біз Қазақстан үшін пайдалы қағидаттармен және озат практикамен бөлісе алатынымызға сенімдіміз.

Қазіргі мемлекеттік басқару жүйесі дәйекті нормативтік-құқықтық базаға, мемлекеттік қызметтің анық рөлі мен мандатына және алға қойылған міндеттерді орындау үшін жеткілікті ресурстарға негізделген. Әрдайым жоғары деңгейде жұмысты қамтамасыз ету үшін кадрлармен жұмыс жүйесі тиісті оқу мен ынтаны, сондай-ақ ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету шараларын талап етеді.

Осы реформалау үдерісінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі негізгі рөл атқарады және Байменов мырза, Сіздің мекеменіздің осы мақсаттарға жету үшін озаттығы, қызметкерлері және мүмкіндіктері бар екеніне мен сенемін.

Негізгі мемлекеттік реформалар туралы БАҚ өкілдерін ақпараттандыру және оларға түсіндіру – өте жақсы идея. Еуропада жоғары сапалы және тәуелсіз БАҚ-тар азаматтарды ақпараттандыруда, сондай-ақ қорғау, зерттеу және есеп беру сияқты маңызды міндеттер орындауда негізгі роль атқарады.

Біз осы маңызды реформаны қолдауда шынайы берілген болып қала береміз. Шамамен екі апта бұрын Агенттікпен және Мемлекеттік басқару академиясымен біздің ағымдағы жобалардың бірі жөнінде Басқарушы комитеттің екінші отырысы өтті, онда біз бұрынғы жетістіктерді және болашаққа бағдарды талқыладық. Мен осы негізгі секторда жүзеге асырылатын реформаларды жылдам жүргізуге үлес қоса алатынымызға қуаныштымын. Сонымен қатар, реті келіп тұрғанда пайдаланып қалып, күн сайын қолдау көрсететін біздің сарапшыларымызға ризашылығымды білдіргім келеді.

Мен Сіздерге пікірталастарыңыз жемісті және конференцияларыңыз табысты болсын деп тілеймін.